

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
Б.БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИСЯ

Әкімшілік құқық және ІО әкімшілік қызметі кафедрасы

ДӘРІС
Қазақстан Республикасының ІО ұйымдық құрлымы және
құқықтық жағдайы.

Кафедра мәжілісінде талқыланды
және мақұлданды. №___ хаттама. 20__ж «__»__

ҚАРАҒАНДЫ

Жоспар

Кіріспе

1. ҚР ПО-ң құқықтық жағдайы, жүйесі және құрылымы.
2. ҚР ПО-ң міндеттері, құзыреті және өкілеттіктері.

Қортынды

Әдебиеттер

Кіріспе

Қарастырып отырған саладағы басқарудың арнаулы субъектісі болып ішкі істер органдары саналады. Олар басқа да мемлекеттік органдар сияқты өздерінің қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясында белгіленген әлеуметтік-құқықтық басқару принциптеріне орай жүзеге асырады.

Ішкі істер саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік атқарушы билік органдары ретінде, ішкі істер органдары құрылады және қызмет етеді. Бұл органдарды Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі құрады, оларға бағынышты және бақылауында болады.

Атқарушы билік (басқару органдары) жүйесіндегі ішкі істер органдарының алатын орны заңмен белгіленген өкілеттілікпен, жүктелген міндеттермен басқару функциясының жиынтығыменен, соныменде қандай да болмасын ішкі істер органдарының нақты міндеттері мен құқықтары көлемімен анықталады. Өкілеттілік жалпы, типтік және жекелеген ережелерменен және арнаулы Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының міндеттері мен құқықтарын анықтайтын заңдылық және нормативтік актілеріменен анықталады.

Сонымен, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының өкілеттілігі Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23-сәуірде қабылданған «Қазақстан Республикасы ішкі істер органы туралы» Заңымен белгіленген, ал негізгі бағыттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен және ведомствалық Ережелермен реттеледі.

Ішкі істер органы өз қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясын, заңдарын, конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Парламентінің нормативтік қаулыларын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен өкімдерін, жергілікті атқарушы және өкілді органдардың нормативтік шешімдері мен өкімдерін, ішкі істер органдарының әкімшілік қызметін реттейтін, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған нормативтік актілерді басшылыққа алады.

Ішкі істер органы өздерінің қызметін әртүрлі нысандарда іске асырады: ұйымдастыру шаралары (ұйымдық-бұқаралық жұмыс); материалдық-техникалық операциялар; құқықтық шығармашылық қызмет; құқық қолданушылық (реттеуші және құқық қорғаушы) қызмет. Бұл нысандар ішкі істер органдарының ішкі қызметі, аппараттары мен бөлімшелері ішінде және сыртқы қызмет саласында да қолданылады.

Ұйымдастыру шаралары (ұйымдастыру-бұқаралық жұмыс) ішкі істер органдарының барлық жүйесінің тиімді жұмыс істеу мақсатында күнделікті қамтамасыз етумен жүргізіледі. Ұйымдастыру әрекеттері құқықтық қатынастардың туындауына, өзгеруіне және тоқтатылуына тікелей араласпайды. Ол тек қана төмен тұрған органдар мен бөлімшелердің және олардың қызметкерлеріне нұсқаулық пен инспекторлық тексерістер жүргізеді.

1. ҚР ПО-ң құқықтық жағдайы, жүйесі және құрылымы.

Ішкі істер органы өз құрылымының ерекшеліктерімен мінезделінеді. Олар өкілеттенген мемлекеттік органмен белгіленеді және белгіленген функциялар мен құқыққа ие әртүрлі құрамдық буындары болады. Көрсетілген ерекшеліктер ішкі істер органын мемлекеттік атқарушы билік органдарының арнаулы түрі туралы айтуға негіз береді.

Ішкі істер органдарының жүйесі мыналармен сипатталады: элементтердің болуымен; элементтердің субординациялық және үйлесімділік байланысымен; бүтіндікпен, сапалық өзіндігімен және қатынастылық жекелігімен. Сонымен бірге, өз алдына атқарушы билік органдар жүйесіне қарасты күрделі жүйесін құрайды. Ішкі істер органы және оның звенолары (элементтері) өз функцияларын орындау барысында, басқарушылық және мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен, ұжымдармен және жекелеген азаматтармен басқа да (ішкі жүйелік және сыртқы, яғни, жүйеден тыс) қатынастарға түседі. Бұл қатынастар билік-бағынушылық, тікелей және келісушілік, көлденең болуы мүмкін.

Ішкі істер органы жүйесі әкімшілік-аумақтық бөліністер принципінде құрылған, және де олардың функцияларын, міндеттер көлемі мен мінездемесінің ерекшеліктерін есепке алып басқарудың объектісі солай болғандықтан — ішкі істер саласы оның мазмұны мен нысанының болуымен ғана емес, мемлекеттің ішкі істер саласында басқаруды жүзеге асыратын белгілі органдар жүйесін де қажет етеді.

Қаралып отырған органдар жүйесінің екі түрі: басқару субъектісі және басқару объектісі болады. Олардың қандайда болмасын буындары, бір жағынан басқарушы және басқарылатын жүйе болып саналады. Мысалы, аудандық ішкі істер органы облыстық ішкі істер органына қарағанда басқару объектісі болады, және бір жағынан бағынышты звеноларды (қызметтермен, бөлімшелермен, аумақтық полиция бөлімшелері) басқара отырып басқару субъектісі болады. Басқарудың субъектісі мен объектісінің арасында күнделікті тура және қайтымды байланыс бар. Тура байланыс, басқарудың субъектісінен әмірлер беру және басқару шешімдерін беруінде. Қайтымды байланыс басқару объектісінен әмірлердің орындалғаны туралы ақпараттар түрінде болады.

Жоғары және төмен тұрған ішкі істер органдарының қарым-қатынасы негізінде орталықтандыру және орталықсыздандыру (жергілікті мекемелерге орталық мекемелердің кейбір басқару міндетін тапсыру жүйесі) принциптерінің үйлесімділігінде жатыр. Біріншісі, төменгі тұрған органдардың қызметін бағыттады және бақылайды, олардың шешімдері төмендегілерге міндетті болып саналады. Сонымен бірге, бұл принцип, бүтін орталықтан басқарушылық жергілікті органдардың бастамалық және шығармашылық белсенділіктерімен, әрбір органның жүктелген істеріне деген жауапкершілігімен үйлеседі. Төменгі тұрған органдарға қоғамдық тәртіп пен

қоғамдық қауіпсіздіктің ағымды мәселелрін шешуге, жедел құқықтарын беру бастамалықтың жетілуіне мүмкіндік жасайды. Бірақ, бұл жоғары тұрған органдардың бағыныштылық органдарының қызметіне деген жауапкершілікті алмайды. Барлық ішкі істер органдарының қызметтерінің шығармашылық мінездемесі бар, мемлекеттің міндеттерін жүзеге асыруға, құқықтық тәртіп пен заңдылықты орнықтыруға әрекеттеседі.

Ішкі істер органдарының жүйесі өскелең, ол әрқашан дамып отырады және жетілдіріледі. Оның өскелеңдігі елімізде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен байланысты. Ішкі істер органы жүйесін құруда әлеуметтік мәселелерді шешуге кешенді әдіс-амалын қатаң түрде жүйелік құрастыру және жүйеге әсер ететін барлық факторларды есепке алу қажет. Мемлекет әрқашанда ішкі істер органдарының қызметін жетілдіруге көңіл бөледі, және елеулі орын оның ұйымдастырылу құрылымын жетілдіруге бағытталған шаралары алады.

Өткен жылдардағы ішкі істер органдарына қатынасты өзгерістерді алып қарасақ, Қазақстан Республикасы Президентіні «Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның Мемлекеттік бағдарламасы туралы» қаулысында ішкі істер органдарынан бірқатар міндеттер мен функцияларды басқа мемлекеттік органдарға беру қарастырылды (1994 ж.), Қазақстан Республикасы Президентінің «Қылмысқа қарсы күресті күшейту туралы» қаулысында Ішкі істер министрлігі жүйесінде қолдағы жалпы сан есебінен арнаулы бөлімшелер құру көзделді (1994 ж.), Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдар жүйесін әрі қарай реформалау шаралары туралы» Жарлығында Ішкі істер министрлігі жүйесінде криминалдық және әкімшілік полиция бөлімшелерін құру көзделді (1997 ж.), Қазақстан Республикасының жекелеген заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Заңына байланысты ішкі істер органдарының бір тұтас жүйесін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, оның құрамына кіретін департаменттер мен өзге де құрылымдық бөлімшелер, облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының, көліктегі оған бағынатын ішкі істер департаменттер мен өзге де құрылымдық бөлімшелер, облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының, көліктегі оған бағынатын ішкі істер департаменттері, қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, поселкелік, желілік ішкі істер органдары, ішкі әскерлер, оқу орындары, мекемелер және өзге де ұйымдар құрайды.

Ішкі істер органы жүйесінің әрбір звеносының қызметі аумақтық қызмет көлемімен шектеледі. Бұл, Қазақстан Республикасы бүкіл аумағын немесе жекелеген әкімшілік-аумақтық бөліністерді қамтиды.

Аумақтық қызмет көлемімен және қандайда болмасын ішкі істер органы жүйесі буынының өкілеттілігіне байланысты екіге бөлінеді: орталық және әкімшілік-аумақтық бөліністердің облыстық ішкі істер органы болып бөлінеді.

Ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесін полиция, қылмыстық-атқару жүйесі, әскери-тергеу органдары, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы, азаматтық қорғау органдары құрайды.

Полицияны криминалдық полиция, әкімшілік полициясы, тергеу, анықтау бөлімшелері және өзге де бөлімшелер құрайды.

Криминалдық полиция ұйымдасқан қылмысқа, экстремизмге, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі бөлімшелерден, жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын өзге де бөлімшелерден тұрады.

Әкімшілік полиция жергілікті полиция қызметінен, азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау бөлімшелерінен, көші-қон полициясынан, уақытша ұстау изоляторларынан, айдауыл қызметі бөлімшелерінен және қоғамдық тәртіпті сақтауды жүзеге асыратын өзге де бөлімшелерден тұрады.

Ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінен (бұдан әрі – Ішкі істер министрлігі), ведомстволардан, аумақтық органдардан, сондай-ақ Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты ұйымдардан тұрады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, көліктегі ішкі істер департаменттері, қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, желілік ішкі істер органдары, әскери-тергеу органдары аумақтық органдар болып табылады.

Қылмыстық-атқару жүйесін ведомство, оның аумақтық органдары және жазаларды орындайтын мекемелер, өзге де ведомстволық бағынысты ұйымдар құрайды.

Ұлттық ұланның құрамы мен оның қызметінің ұйымдастырылуы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

Азаматтық қорғау органдарының құрамы және оның қызметін ұйымдастыру «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалады.

Ішкі істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелерін, ведомстволарды, аумақтық органдарды және Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты ұйымдарды құруды, қайта ұйымдастыруды және таратуды Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі (бұдан әрі – Ішкі істер министрі) жүзеге асырады.

Ішкі істер министрлігі ішкі істер органдарының біртұтас жүйесін басқаратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Ішкі істер министрлігінің туы, жалауы және рәмізі болады. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, көліктегі ішкі істер департаменттерінің, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың

және астананың төтенше жағдайлар департаменттерінің, сондай-ақ Ішкі істер министрлігі жоғары оқу орындарының жалаулары болады.

Ішкі істер министрлігі туының, жалауының және рәмізінің, аумақтық органдар мен жоғары оқу орындары жалауларының сипаттамасын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Ішкі істер министрі.

Ішкі істер министрлігін Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын Ішкі істер министрі басқарады.

Ішкі істер министрі:

- 1) ішкі істер органдарының біртұтас жүйесіне басшылықты жүзеге асырады;
- 2) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат санының лимиті шегінде ішкі істер органдарының құрылымы мен штат санын белгілейді;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ішкі істер органдарының штат санының лимитін өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;
- 4) ішкі істер органдары қызметкерлерін, әскери қызметшілерін және жұмыскерлерін тағайындайды, тәртіптік жазаға тартады және қызметтен шығарады;
- 5) көтермелейді, оның ішінде ведомстволық наградалармен марапаттайды;
- 6) Қазақстан Республикасының Президентіне мемлекеттік наградалармен марапаттауға ұсыныс енгізеді;
- 7) Қазақстан Республикасының Президентіне ішкі істер органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілеріне жоғары әскери және арнаулы атақтар беруге ұсыныс енгізеді;
- 8) Қазақстан Республикасының Президентіне Ішкі істер министрінің орынбасарлары, Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы лауазымдарына тағайындауға ұсыныс енгізеді;
- 9) Қазақстан Республикасының Президенті алдында ішкі істер органдарының қызметі туралы есеп береді;
- 10) Ішкі істер министрлігінің атынан ішкі істер органдарының орындауы үшін міндетті құқықтық актілер, өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілер шығарады;
- 11) өзінің орынбасарларына, Ішкі істер министрлігі құрылымдық бөлімшелерінің, ведомстволардың, аумақтық органдар мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларына өкілеттіктер береді;
- 12) мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдарда Ішкі істер министрлігі атынан өкілдік етеді;
- 13) өз құзыреті шегінде халықаралық шарттарға қол қояды;
- 14) ішкі істер органдарындағы сыбайластық жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

15) өзіне осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерімен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. ҚР ПО-ң міндеттері, құзыреті және өкілеттіктері.

Ішкі істер органдарының міндеттері Қазақстан халқына қызмет етуге тиісті ішкі істер органдары қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мынадай міндеттерді жүзеге асырады:

- 1) құқық бұзушылықтар профилактикасы;
- 2) қоғамдық тәртіпті сақтау;
- 3) қылмыстылықпен күрес;
- 4) қылмыстық жазаларды және әкімшілік жазалауды орындау;
- 5) төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтық қорғанысты ұйымдастыру.

2. Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен ішкі істер органдарына өзге де міндеттер жүктеледі.

Ішкі істер органдарының құзыреті ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздеріне жүктелген міндеттер шегінде:

- 1) құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға, зерделеуге, жоюға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асырады;
- 2) қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асырады;
- 3) жол жүрісіне және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;
- 4) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 5) күзет қызметі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 6) мемлекеттік күзетілуге жататын жеке тұлғалар мен объектілерді күзетуді жүзеге асырады;
- 7) террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін бақылайды;
- 8) азаматтық, халықтың көші-қоны және босқындар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 9) жеке басты куәландыратын құжаттарды дайындауды, сондай-ақ Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін жүргізуді жүзеге асырады;
- 10) лицензия және рұқсат беру қызметін жүзеге асырады;
- 11) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады;
- 12) қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашуды және тексеруді жүзеге асырады;

13) жедел-іздігіру қызметін және жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асырады;

14) зерттеулерді жүзеге асырады;

15) іздігіруді жүзеге асырады;

16) есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимылды жүзеге асырады;

17) қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғауды жүзеге асырады;

18) қылмыстық-атқару қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады, адамдарды ішкі істер органдарының арнаулы мекемелерінде ұстауды жүзеге асырады;

19) мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

20) халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

20-1) азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

21) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ішкі істер органдарының өкілеттіктері. Ішкі істер органдары өзінің құзыреті шегінде:

1) адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғауға;

2) оқиға туралы, жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы өтініштерді немесе хабарламаларды қабылдауға, тіркеуге және қарауға, заңнамада белгіленген тәртіппен өтініш берушіге қабылданған шешім туралы хабар беруге;

3) құқыққа қарсы қолсұғушылықтан, оқиғалардан және жазатайым жағдайлардан зардап шеккен, сондай-ақ өздерінің өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті дәрменсіз не өзге де күйдегі жеке тұлғаларға көмек көрсетуге;

4) құқық бұзушылық профилактикасының жалпы, арнаулы және жеке шараларын жүзеге асыруға;

5) патрульдеуді жүзеге асыруға;

6) жол жүрісі қағидаларының және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жататын өзге де нормативтердің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, жол жүрісін реттеуге;

7) жүргізуші куәліктерін беруді, көлік құралдарын сәйкестендіру нөмірі бойынша мемлекеттік тіркеуді және оларды есепке алуды жүзеге асыруға;

8) әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтауға және жолын кесуге, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға;

9) қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық имандылықты қорлайтын масаң күйде жүрген адамдарды медициналық ұйымдарға немесе ішкі істер органдарына жеткізуге;

10) сот шешімімен тағайындалған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларынан жалтарып жүрген адамдарды іздеуді жүзеге асыруға, оларды ұстауға және арнаулы медициналық мекемелерге жеткізуге;

11) үш жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмаған қадағалаусыз қалған балаларды, сондай-ақ ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың қамқорлығынсыз қалған балаларды бейімдеу орталықтарына жеткізуге;

12) көпшілік іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіп сақтауды қамтамасыз етуге;

13) жаппай тәртіпсіздіктің, топтасып бағынбаушылықтың жолын кесуге;

14) төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс, төтенше немесе соғыс жағдайы режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға;

15) күзет қызметімен, күзет дабылы құралдарын монтаждаумен, баптаумен және оларға техникалық қызмет көрсетумен айналысатын субъектілерге және жекеше күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын қызметкерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтары қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

16) мемлекеттік күзетілуге жататын жеке тұлғалар мен объектілерді күзетуді жүзеге асыруға;

17) мемлекеттік күзетілуге жататын объектілерде өткізу режимін қамтамасыз ету кезінде адамдарды, олардың заттарын, көлік құралдарын тексеріп қарауды жүргізуге;

18) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін және паспортын, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат, азаматтығы жоқ адамның куәлігін беруге, жеке сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастыруға және Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін жүргізуге;

19) азаматтық материалдарын ресімдеуді қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының азаматтығы болуын (болмауын) айқындауға;

20) Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке алуды, оларды тұрғылықты жері бойынша тіркеуді және тіркеуден шығаруды, Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кету құжаттарын ресімдеуді жүзеге асыруға;

21) заңсыз көшіп келудің жолын кесу, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды есепке алу және оларды тіркеу бойынша шаралар қолдануға, олардың Қазақстан Республикасына келу, кету, болу және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен жүру қағидаларын сақтауын бақылауға;

22) еңбекші көшіп келушілерді дактилоскопиялауды, суретке түсіруді жүзеге асыруға және оларды есепке алуды қалыптастыруға;

23) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасынан кетуге визалар, Қазақстан Республикасында уақытша болуға және тұрақты тұруға рұқсаттар беруге;

24) босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және оны тоқтату ресімдерін, босқын куәлігін, жол жүру құжатын, пана іздеген адамның куәлігін беруді жүзеге асыруға;

25) жеке және заңды тұлғалардың азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдар, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымының белгіленген қағидаларын сақтауын бақылауды тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асыруға;

26) егер жеке тұлғалардың тұрғын жайларда, жергілікті жердің белгілі бір учаскелерінде болуы адамның өмірі мен денсаулығына, меншік объектілеріне қатер төндіретін болса, ұйымдардың жұмысын бұзса, көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің жүрісіне кедергі келтіретін болса, сондай-ақ жедел-іздістіру іс-шараларын, тергеу амалдары мен көпшілік іс-шараларды жүргізген жағдайларда олардың сол жерлерге кіруін немесе онда болуын шектеуге, оған уақытша тыйым салуға;

27) жасырын ұйымдарды, үй-жайларды, көлік құралдарын, қызметкерлердің жеке басын және олардың ведомстволық тиесілігін шифрлау үшін басқа мемлекеттік органдардың және ұйымдардың құжаттарын пайдалануға;

28) ғылыми-техникалық және өзге де зерттеулер жүргізуге;

29) ведомстволық және жедел есептерге алуды құруға, пайдалануға және жетілдіруге;

30) күдіктілерді, айыпталушыларды, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жатқан, ішкі істер органдарының арнаулы мекемелерінде ұсталатын, профилактикалық есепке алынған адамдарды криминалистік есепке қою үшін суретке түсіруге, дактилоскопия жасауға, дыбыс жазбасын, кино- және бейне түсірілімін жүргізуге, биологиялық, одорологиялық және басқа да үлгілерді алуға;

31) ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық және телекоммуникациялық желілерді, байланыс желілерін құруға, пайдалануға және жетілдіруге;

32) әкімшілік немесе қылмыстық заңнаманың күші қолданылатын іс-әрекеттер жасаған адамдарды қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіне іргелес аумақта ұстауға және ішкі істер органдарына жеткізуге, оларды жеке тексеріп қарауды жүзеге асыруға;

33) қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің аумағындағы және режимдік талаптар белгіленген оған іргелес аумақтағы адамдарды, олардың заттарын, көлік құралдарын тексеріп қарауды жүргізуге, сондай-ақ тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленетін тыйым салынған заттар мен құжаттарды алып қоюға;

34) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарға психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну фактісін және масаң күйде болғанын анықтау тұрғысынан куәландыруды жүргізуге, ал мүмкін болмаған кезде – куәландыру үшін медициналық мекемелерге жеткізуге;

35) көлік құралдарының жүрісін уақытша шектеуге немесе оған тыйым салуға, азаматтарды қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің аумағына және оған іргелес аумаққа кіргізбеуге немесе ерекше жағдайлар режимін енгізу кезінде оларды сонда қалуға не сол жерден кетуге міндеттеуге;

36) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоғамдық және діни бірлестіктерді қылмыстық-атқару жүйесі қызметіне тартуға;

37) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тартуға;

38) ішкі істер органдарының қызметін жария ету үшін бұқаралық ақпарат құралдарын тартуға;

39) ішкі істер органдарының әуе кемелеріне өтеусіз аэронавигациялық қызмет көрсетуге;

40) дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыруға;

41) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері, әскери қызметшілері және жұмыскерлері қызметтік міндеттерін орындау кезінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделерін бұзған жағдайда, ішкі істер органдары бұл құқықтарды қалпына келтіруге, келтірілген залалдың орнын толтыруға, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кінәлілердің жауаптылыққа тартылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және көліктегі ішкі істер органдарының құқықтық жағдайы

Облыстардың Астана Алматы қалаларының Ішкі істер департаменті (бұдан әрі – Департамент) аумағындағы ішкі істер органдары мен бөлімшелеріне басшылық етуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) аумақтық бөлінісі болып табылады.

Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Ережеге сәйкес жүзеге асырады. Департамент мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Департамент егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент бастығының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды. Департамент құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі. Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады. Департамент қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерінен жүзеге асырылады. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады. Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері:

құқық бұзушылықтар профилактикасы;

қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

қылмысқа қарсы күрес; әкімшілік жазаны орындау;

Департаментке Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де міндеттер.

Функциялары:

Департаменттің арнайы мақсаттағы бөліністеріне басшылық жасауды жүзеге асырады, сондай-ақ олардың ұдайы жауынгерлік және жедел әзірлігін қамтамасыз етеді;

Департаменттің құрылымдық бөліністері қызметін үйлестіруді, ведомстволық бақылауды және жоспарлауды жүзеге асырады;

Ішкі істер министрлігін және мемлекеттік органдарды қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіпті сақтаудың және өңірдегі жол қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жай-күйі туралы ақпараттандырады;

қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласындағы республикалық ақпараттық жүйелерді құруға және жұмыс істеуіне қатысады;

құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмысқа қарсы күрес, әкімшілік жазаларды орындау салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізеді;

жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

құқық бұзушылықты және қылмысты ескерту бойынша алдын алу қызметін жүзеге асырады;

ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялау және рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асырады;

заңнамада белгіленген тәртіпте лицензианттардың қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

күзет қызметімен айналысатын субъектілердің, күзет сигнализациясы құралын жинақтауды, баптауды және техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін және жеке күзет ұйымдарында басшы және күзетші лауызмдарын атқаратын жұмысшыларды даярлауды және біліктілігін арттыру бойынша мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

күзет қызметі субъектілерінен олардың «Күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңында көзделген талаптарды орындауы туралы ақпарат сұрайды;

ішкі істер органдарында есепте тұрған адамдардың тәртібін профилактикалық бақылауды жүзеге асырады;

қамауға алынған және сотталғандарды күзетуді және айдалуылдауды жүзеге асырады;

азаматтық және қызметтік қарулар мен олардың оқтары айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

әйелдерге қатысты құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша профилактикалық қызметін жүзеге асырады;

қоғамдық тәртіпті күзетуге және құқық бұзушылықтың алдын алуға қатысатын азаматтармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасады;

белгіленген тәртіпте көлік құралдарына ілесіп жүруді жүзеге асырады; жүргізуші куәлігін беруді, сәйкестендіру нөмірі және олардың есебі бойынша көлік құралын мемлекеттік тіркеуді, сенімхат бойынша көлік құралдарын пайдаланушы адамдарды тіркеуді жүзеге асырады;

жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында ғылыми зерттеулер және ғылыми-техникалық әзірлемелерді өткізуге қатысады;

автокөліктік жолдарды, жол құрылыстарын, темір жол өтпелерін, қалалық электрлік көлік жүйесін, тұрғын үй кешендері және жеке ғимараттар мен құрылыстарды, жол инфрақұрылымдарын, сондай-ақ жаңа көлік құралдары үлгілерін пайдалануға қабылдау бойынша мемлекеттік және жұмыс комиссияларына қатысады;

жол қозғалысын реттеуді қамтамасыз етеді;

мүгедектердің қажеттілігін ескере отырып, оларға бірдей қолжетімдікті қамтамасыз ету мақсатында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігіндегі жолдарды жобалауға, салуға, жөндеуге, ұстауға және басқаруға нормативтік, жобалау және техникалық құжаттарды келіседі;

көлік құралдарының иелерінің және тасымалдаушылардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін заңнамада белгіленген міндетті сақтандыру келісімшарт қорытындысы бойынша көлік құралдары иесінің және жолаушыларды тасымалдаушылардың міндеттерін орындауын бақылауды жүзеге асырады;

жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылауды жүзеге асырады және орындау үшін міндетті нұсқамалар береді;

көлік құралдарының жүргізушілерін даярлайтын оқу ұйымдарының тізімдемесін жүргізеді;

көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау жөніндегі кәсіптік бірлестіктердің тізімдемесін жүргізеді және аккредитация өткізеді;

көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау жөніндегі білім беру процесі кезінде оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің және жүргізуге оқытудың шеберлерінің тізімдемесін жүргізеді;

аумақтық-көліктік жоспарлау және жол қозғалысы ұйымдары жөніндегі құжаттарды белгіленген тәртіпте келіседі;

жол қозғалысы және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйені құруға және пайдалануға қатысады;

халықты құқықтық тәрбиелеу бойынша шараларды іске асырады, құқықтық тәртіптің және ішкі істер органдары қызметінің жай-күйі туралы қоғамдық пікірді зерделейді;

кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылыққа тартатын, қоғамға қарсы әрекет жасауға не болмаса балаларға қатысты өзге құқыққа қайшы әрекеттер жасайтын адамдарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) ұстау бойынша өз міндеттерін орындамайтын немесе тиісті түрде орындамаған не болмаса олардың тәртібіне теріс ықпал ететін ата-аналарын және кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерін, оқытушыларын, тәрбиелеушілерін, оқыту, тәрбиелеу және өзге мекемелердің кәмелет жасына толмағандарды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті басқа жұмысшыларын айқындайды және оларды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке тарту бойынша шаралар қабылдайды;

кәмелетке томағандар немесе олардың қатысуымен жасалған әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылық туралы шағымдарды және хабарламаларды қарайды және оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша шаралар қабылдау туралы ұсыныстар шығарады, олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

белгіленген заңнамалық тәртіпте кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) ұстау бойынша өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың тәртібіне теріс ықпал ететін ата-аналарына және кәмелетке толмағандардың заңды өкілдеріне қатысты жеке алдын алу шараларын қабылдайды және есепке алуды жүргізеді;

жаппай тәртіпсіздіктің жолын кесуге қатысады, оның ішінде түзеу мекемелерінде;

қүзіреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндірісті жүзеге асырады;

карантиндік, санитарлық-эпидемияға қарсы және табиғатты қорғау іс-шараларына қатысады;

жеке және заңды тұлғаларға қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықты жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы орындауға міндетті ұсыныстарды, жарлықтарды енгізеді;

жедел-алдын алу, іздестіру және өзге де арнайы іс-шараларды өткізу кезінде бақылау-өткізу пунктерін белгілейді;

қаруларды, оқ-дәрілерді, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды, сондай-ақ өзге де тыйым салынған нәрселер мен заттарды заңнамаға сәйкес алып қояды;

он сегіз жасқа жетпеген және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды, егер оларды оқшаулау қажет болса арнайы мекемелерде ұстайды. Қылмыстық жауапкершілік белгіленетін жасқа жетпеген және қылмыс жасаған, сондай-ақ ұстаудың ерекше режиміндегі білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандар сот үкімі заңды күшіне енгенге дейін ата-аналарына, қамқоршысына және оларды тәрбиелеу бойынша заңмен міндеттер жүктелген өзге адамдарға беріледі;

ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде қылмыс жасаған күдіктілер мен айыптыларды, белгілі бір тұрғылықты мекенжайы, құжаттары жоқ адамдарды, әкімшілік қамалғандарды ұстауды, күдіктілерді және айыпталушыларды айдауылдауды, қылмыстық (әкімшілік) процессті жүргізуші органдардың оларға қатысты қаулыларын, анықтамаларын және үкімдерін орындауды ұйымдастырады;

қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында сот актілерін, судья талаптарын, прокурордың қаулыларын, ұйғарымдарын және талаптарын, тергеушінің, анықтаушының жазбаша тапсырмаларын орындайды;

өз құзіреті шегінде қылмыстық құқық бұзушылықты әшкерелеуді, бұлтартпауды, алдын алуды және ашуды ұйымдастырады;

заңнамаға сәйкес жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырады;

ішкі істер органдары құзіретіне жатқызылатын қылмыстық құқық бұзушылық бойынша сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асырады;

қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды, борышкер адамдарды, сотқа дейінгі тергеуден немесе соттан жасырынғандарды, қылмыстық жазаны өтеуден, әскери қызметке шақырудан жалтарғандарды, із-түссіз жоғалғандарды, хабарсыз кеткендерді және өзге де адамдарды іздестіруді, танылмаған мәйітті сәйкестендіруді жүзеге асырады;

арнайы, құқық қорғау және мемлекеттік органдармен бірлесіп террористік актілердің жолын кесу, кепілге алынғандарды босату және жарылғыш заттарды залалсыздандыру бойынша терроризмге қарсы және арнайы операцияларға қатысады;

шет мемлекеттермен экстрадицияланатындарды және сотталғандарды қабылдау-беруді ұйымдастырады;

заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының халықаралық келісімшарттарына сәйкес қылмыстық істер бойынша

құқықтық көмек көрсету туралы шет мемлекеттердің құзіретті органдарының сұрау салуын орындайды;

жедел-іздістіру іс-шараларын және арнайы операцияларды өткізуді бақылауды жүзеге асырады;

қылмыстық процеске қатысушылардың және өзге адамдардың өмірін, денсаулығын, ар-намысын және мүлігін сақтауды бақылауды жүзеге асырады;

есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және перекурсорлардың айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты, олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимылды іске асыруға қатысады;

нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын адамдарға дәрігерлік-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыруда мемлекеттік денсаулық сақтау органдарына көмек көрсетеді;

қызметі есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және перекурсорлардың және олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласымен байланысты қызметкерлердің, сондай-ақ есірткі құралдарын және психотроптық заттарды пайдаланатын адамдарды әлеуметтік оңалту, емдеу, алдын алуды ұйымдастыру саласындағы қызметкерлерді оқытуды, даярлауды, қайта даярлауды, тағылымдамадан өткізуді және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

сот шешімімен тағайындалған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларынан жалтарған адамдарды іздеуді, ұстауды және арнайы медициналық мекемелерге жеткізуді жүзеге асырады;

есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және перекурсорлардың айналымы, олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимылды іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты және стратегиясын өкілетті органдармен бірлесіп ұйымдастыруға қатысады;

есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және перекурсорлардың айналымын, осы салада заңнаманы қолдануды мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және перекурсорлардың айналымын және олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл шараларын бақылауды жүзеге асырады;

қолдағы барымен салыстырғанда аса қауіпті емес, анағұрлым тиімді, есірткілік әсері төмен есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және перекурсорларды әзірлеу және енгізу процессін бақылайды;

құрамында есірткі бар өсімдіктерді айқындау және жою бойынша, сондай-ақ есірткі заттарын заңсыз тасымалдау арналарының жолын кесу бойынша іс-шаралар өткізеді;

есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және перекурсорлардың айналымы саласындағы мемлекеттік органдардың және

өзге ұйымдардың, сондай-ақ нашақорлықпен және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі өңірлік консультациялық-кеңесші органдардың қызметін үйлестіруді ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасында бақылауға жататын Есірткі құралдарының, психотропных заттардың және перекурсорлардың тізіміне және Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және перекурсорларды заңсыз айналымындағы айқындалған аса ірі емес, ірі және аса ірі көлемге жатқызу туралы жиынтық кестеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар енгізеді;

өңірдегі есірткі жағдайының, есірткінің заңсыз айналымға түсуінің өңіраралық көздерімен және арналарының даму тенденциялары және жағдайын, олардың жолын кесу бойынша шараларды әзірледі, тиісті аппараттық-аналитикалық материалдарды дайындауды талдайды;

азаматтық, халық көші-қоны және босқындар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

босқын деп танылған адамдарға өз күзиреті шегінде шыққан елінде тұратын туыстары туралы ақпарат алуға көмек көрсетеді;

босқын мәртебесін беру, ұзарту, айыру және тоқтату процедурасын жүзеге асыру бойынша комиссия құрады, сондай-ақ оның ережесін әзірлейді және бекітеді;

пана іздеген адамдардың және босқындардың құқығын сақтауды қамтамасыз етеді;

ұлттық қауіпсіздік органдарымен бірлесіп шетелдіктердің келуін және кетуін бақылау бойынша «Бүркіт» бірыңғай ақпараттық жүйесіне әкімшілік етеді;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен бірлесіп шекаралық режим қағидасын сақтауды қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасын және оның режимін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктіндегі режимді бұзған адамдарды іздеуге, азаматтардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында жасаған құқық бұзушылықтарының мән-жайын анықтауға және тексеруге көмек көрсетеді;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасына қатысты құқыққа қайшы әрекет жасаған адамдар мен қылмыстық топтар, тұрғылықты мекенжайын белгісіз себептермен тастап кеткен адамдар, Қазақстан Республикасының шекарасына жақын аудандарындағы құқықтық тәртіптің жай-күйі туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін ақпараттандырады;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарына, шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға, оның ішінде

босқындарға шекара аумағында (өңірінде) орналасқан жеке учаскелерге немесе нысандарға әлеуметтік, табиғаттық және техникалық сипаттағы төтенше жағдай туындаған уақытта, шекара бұзушыларды шекаралық іздеу, Қазақстан Республикасының аумағына шекаралас мемлекеттер азаматтарының жаппай өтуі немесе қарулы басып кіруі кезінде уақытша шектейді немесе тыйым салады;

азаматтардың және лауазымды адамадардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың олар үшін белгіленген келу, шығу, тұруы және Қазақстан Республикасы аумағы арқылы транзиттік өту қағидаларын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

жедел-криминалистикалық қызметті жүзеге асырады;

профилактикалық есепке қойылған ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде қамаудағы күдікті, айыпты адамдарды криминалистикалық есепке қою үшін суретке түсіру, саусақтарының таңбасын алу, дыбыстық жазба, кино және бейнетүсірілім жүргізу, биологиялық, одорологиялық және өзге үлгілерді алады;

қызмет көрсететін аумақтағы криминогендік ахуалға кешенді талдау жүргізеді және жедел ақпаратты үздіксіз жинауды қамтамасыз етеді;

аумақтық, ведомстволық және жедел есепті қалыптастырады және сүйемелдейді;

нормативтік құқықтық актілер шеңберінде, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достығына қатысушы мемлекеттер жасаған келісімдер шеңберінде Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары бөліністерін, арнайы, құқық қорғау және мемлекеттік органдарын ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

дербес деректерді өңдеу кезінде заңнаманың ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, бөліністердің Департаменттің ақпараттық ресурстарына қолжетімдігін қамтамасыз етеді;

ведомстволық, статистикалық, мұрағаттық және өзге ақпараттарды жинауды, жинақтауды, өңдеуді, оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынуды жүзеге асырады;

ішкі істер органдарында бірыңғай кадр саясаты жүйесін іске асыруға қатысады;

Департамент қызметкерлерінің және жұмысшыларының кәсіби күзіретіне аттестаттау өткізеді;

Департамент бөліністері үшін кадрларды даярлауды және оқытуды ұйымдастырады, Министрліктің білім беру ұйымдарын бітірушілерді Департамент бөліністеріне жұмысқа орналастыруды жүзеге асырады;

ішкі істер органдарындағы өзіндік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде өзіндік қауіпсіздік бөліністерімен өзара іс-қимыл ұйымдастырады, Департаментте және оның құрылымдық бөліністерінде жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті, сондай-ақ олардың қызметінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етеді;

бағынысындағылардың құқық бұзушылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыстың жағдайына барлық деңгейдегі бастықтардың дербес жауаптылығын қамтамасыз етеді;

қаржылық, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

мемлекеттік құпияны сақтауды, бағынысты ішкі істер органдарының бөліністерінде құпиялық режимнің сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;

өз құзіреті шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясын құратын мәліметтерге иелік етеді және ішкі істер органдары жүйесінде құпиялауға жататын мәліметтер тізбесін, сондай-ақ таралуы шектеулі қызметтік мәліметтерді әзірлеуге қатысады;

Департаментте бірыңғай мемлекеттік іс жүргізу жүйесінің жұмыс істетуін қамтамасыз етеді;

Департаменттің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мүдделерін соттарда, өзге де мемлекеттік органдарда қорғауды және осы жұмыстарды жергілікті жерлерде үйлестіруді қамтамасыз етеді;

азаматтарды қабылдауды, ауызша және жазбаша не болмаса электронды, сандық электронды қол қойылған арыздардың, өтініштердің және азаматтардың, лауазымды адамдардың ұсыныстарын уақытылы және толық қарауды, олар бойынша шешімдер қабылдауды жүзеге асырады;

арнайы және әскери тасымалдауды ұйымдастырады;

мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетеді;

ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде қылмыс жасаған күдіктілер мен айыпталушыларды, белгілі бір тұрғылықты мекенжайы, құжаттары жоқ адамдарды, әкімшілік қамалғандарды ұстауды, күдіктілерді және айыпталушыларды айдауылдауды, қылмыстық (әкімшілік) процессті жүргізуші органдардың оларға қатысты қаулыларын, анықтамаларын және үкімдерін орындауды ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының заңдарында, Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады. **Құқықтары және міндеттемелері:**

мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан, лауазымды адамдардан және азаматтардан заңнамада белгіленген тәртіпте ақпарат сұратуға және алуға;

ішкі істер органдарының мүдделерін соттарда белгіленген тәртіппен қорғауды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға;

Ішкі істер министрлігіне, жергілікті өкілетті және атқарушы органдарға жаңа нормативтік құқықтық актілер әзірлеу және қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелерді кадрмен, материалдық-техникалық және қаржымен қамтамасыз ету, қызмет көрсететін аумақта заңдылық пен

құқықтық тәртіпті нығайту жөніндегі басқа да шараларды қабылдау туралы ұсыныстар енгізуге;

ішкі істер органдарына жүктелген міндеттерді іске асыруға тікелей қатысуға, оларды құрылымдық бөлімшелердің орындалуын бақылауға, азаматтардың қауіпсіздік деңгейіне теріс ықпал ететін факторларды жоюға бағытталған шараларды жүзеге асыруға;

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға құқығы бар;

құзыреті шегінде халықаралық шарттар бойынша міндеттерді орындау;

қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген өзге құқықтарды және міндеттемелерді жүзеге асырады.

Департаменттің қызметін ұйымдастыру Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бастық жүзеге асырады.

Департамент бастығын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Ішкі істер министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Департамент бастығының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

Департамент бастығының өкілеттігі:

бағынысты ішкі істер органдары мен бөліністерінің қызметін жалпы үйлестіруді қамтамасыз етеді;

Департаменттің штаттық кестесі және құрылымы бойынша Министрлік басшылығына ұсыныстар ұсынады;

Департамент номенклатурасына кіретін лауазымдарға қызметкерлерді тағайындайды және босатады;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыстар ұсыну, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілікті арттыру, арнайы атақ беру, көтермелеу, қосымша төлем төлеу және марапаттау мәселелерін шешеді;

Департамент қызметкерлері арасында тәрбие жұмысын ұйымдастырады, олардың тәртіпті, заңдылықты, құпиялық режимін сақтауын және кәсіби деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді;

Департаменттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетке бағытталған шараларды қабылдайды және жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыруға дербес жауапты;

берілген құқық шегінде құқық қорғау қызметі туралы заңнамаға және еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жаза қолданады;

өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құзіреттерді жүзеге асырады.

Департамент бастығы болмаған кезеңде оның өкілеттіліктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

Департамент бастығы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

Департаменттің мүлкі. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

Департаментке бекітілген мүлік республикалық және коммуналдық меншікке жатады. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Департамент өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қортынды

Ішкі істер органы өздерінің қызметін әртүрлі нысандарда іске асырады: ұйымдастыру шаралары (ұйымдық-бұқаралық жұмыс); материалдық-техникалық операциялар; құқықтық шығармашылық қызмет; құқық қолданушылық (реттеуші және құқық қорғаушы) қызмет. Бұл нысандар ішкі істер органдарының ішкі қызметі, аппараттары мен бөлімшелері ішінде және сыртқы қызмет саласында да қолданылады.

Ұйымдастыру шаралары (ұйымдастыру-бұқаралық жұмыс) ішкі істер органдарының барлық жүйесінің тиімді жұмыс істеу мақсатында күнделікті қамтамасыз етумен жүргізіледі. Ұйымдастыру әрекеттері құқықтық қатынастардың туындауына, өзгеруіне және тоқтатылуына тікелей араласпайды. Ол тек қана төмен тұрған органдар мен бөлімшелердің және олардың қызметкерлеріне нұсқаулық пен инспекторлық тексерістер жүргізеді. Нұсқаулық пен инспекторлық тексеріс жүргізу ұйымдастыру шараларын (мәжілістер, отырыстар, конференциялар және басқалар) дайындау мен өткізуге байланысты болуы мүмкін.

Ұйымдастыру шаралары арқылы ішкі істер органдарының қызметкерлерін оқытуға, алдыңғы шектегі ғылым мен техникалық жетістіктерді тәжірибелі жұмысқа кіргізуге байланысты өңдеулер жүргізіледі.

Материалды-техникалық операциялар көмекші сипатқа ие болады. Солардың көмегімен ішкі істер органдарының қызмет процесі қамтамасыз етіледі. Материалдық-техникалық операция іс-қағаздарын жүргізу, аппараттар мен қызметтерді техникамен қамтамасыз ету, анықтамалар, есептер және басқа да дайындау жұмыстарын қамтиды.

Құқықтық шығармашылық қызметтің тағайындалуы құқықтық нормаларды өңдеу, оларды жетілдіру, өзгерту мен толықтырулар және қайшылықтарды жоюда, яғни, ішкі істер органдарының ішкі ұйымдастыру қызметіне бағытталған нормативтік заң актілерін шығару мен құқықтық реттеуінде. Құқық шығармашылық заңдар, қаулылар, жарлықтар, шешімдер және басқа да мемлекеттік билік органдарының актілер негізінде, оларды орындау барысында жүзеге асырылады, сондықтан заңнан туындайтын сипатқа ие болады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл.
2. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы ҚР Заңы 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V ҚРЗ.
3. Қазақстан Республикасының Құқық қорғау қызметі туралы заңы 2011 жылғы 06 қаңтар.
4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволары мен аумақтық органдары туралы ережелерді бекіту туралы ҚРІІМ 2014 жылғы 1 қазандағы № 662 бұйрығы.
5. Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі (Жалпы бөлім): Оқу құралы. Қызылов М.А.
6. Административная деятельность органов внутренних дел. Общая часть. Учебник. Под ред. В.Н. Лапшина, М.А. Кызылова.